



## БҰЙРЫҚ

2015 ж. 07.10 № 181

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

город Павлодар

### Конкурстық басқарушыны шеттету туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы «Банкроттық және оңалту туралы» № 176-V Заңының 12- бабының 10-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, «Кобланды» ШҚ-ның (Е.К. Баубеков ЖК) 2015 жылғы 04 қыркүйектегі кредиторлар жиналасының хаттамалық шешіміне сәйкес,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кобланды» ШҚ-ның (Е.К. Баубеков ЖК - ЖСН 640829350452) конкурстық басқарушысы Владимир Иванович Ткачев (ЖСН 611023300937) банкроттық рәсімін жүзеге асырудан шектетілсін.
2. «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Салық комитетінің Павлодар облысы бойынша Салық департаменті» ММ 2014 жылғы 28 ақпандағы №106 бұйрығы күші жойылды деп танылсын.
3. В.И. Ткачев үш жұмыс күнінен кешіктірмей, есепке алу құжаттамасын, борышкердің мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, мөрлерін, мөртабандарын, банкротқа тиесілі материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға (бар болған жағдайда) беруі тапсырылсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті борыштармен жұмыс басқармасының басшысы М.К. Рахметовқа жүктелсін.

Басшының м.а.



Е. Байгурманов